

Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасына бағынысты шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қалалық перинаталдық орталық» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.

1/24-ХАТТАМА

Шымкент қаласы

«4» наурыз 2024 жыл

Күн тәртібі: «Адалдық сағаты»

Тақырыбы: Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары.

Қатысқандар: Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасына бағынысты шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қалалық перинаталдық орталық» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының (бұдан әрі-Кәсіпорны) қызметкерлері.

Баяндама: Жасыратыны жоқ сыбайлас жемқорлықпен күрес бүгінде елімізде мемлекеттік маңызы бар мәселеге айналып отыр. Себебі, мұндай әрекеттің мемлекеттік қызметкерлер тарапынан көрініс табуы мемлекеттің дамуына кедергі келтіріп қана қоймай, қогамда үкіметке, билікке деген сенімсіздік тудырады. Бұл дерт еліміздің дамуына, экономиканың өркендер өсуіне өрескел кедергі келтіретіндігінің даусыз екендігіне комплаенс-қызметкері егжей – тегжейлі мәселесіне тоқталды.

Сондай-ақ, жемқорлықпен қарсы куресте барлық адамдар – заң мен сот алдында тең. Жеке және занды тұлғалардың бұзылған құқықтары мен занды мұдделерін қалпына келтіру, сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылықтың зиянды зардаптарын жою, олардың алдын алу және барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз күзіреті шегінде күрес жүргізу, яғни жемқорлықпен күресу - жалпыға ортақ міндеттігі айтылды. Мемлекет басшысының: «Әрбір мемлекеттік қызметкердің ары да, жаны да таза, сауатты және білікті, біреуге тәуелді болмайтындей жағдайда болса», -деген мемлекеттік қызметкерлерге қойылған талап жүртшылық пікірімен үндескендей. Ол үшін мемлекеттік қызметкер атына кір келтіретін әрекеттерден аулақ болғаны жөн. Мұндай заң бұзушылыққа қасақана барғандар да қатаң жазага тартылады. Әрине, ең алдымен бүгінгі бала, ертеңгі мемлекеттік қызметкердің отбасындағы тәлім-тәрбиесі дұрыс болуы тиіс. Тәрбие отбасынан басталады, ата-анасының шаруаны пара беру арқылы шешетінін, не пара алу арқылы өздерінің материалдық жағдайын жақсартып отырганын коріп есекін бала, бұл жағдайды орынды, яғни солай болуы керек екен деп түсінеді. Сондықтан отбасында тәрбиені дұрыс беру ушін, ең алдымен өзімізді тәрбиелеуді алдынғы орынға қойғанымыз дұрыс деп сөз соңын баяндамашы қортындылады.

Қатысушылар жемқорлықты тек ұжыммен бірлесіп күресу қажеттілігін айытты, сонда жемқорлықты жеңетінін көшілік макұлладады.

Сонымен бірге, алдагы уақытта Қәсіпорында ішкі талдау жұмыстары жүргізілетінін, ішкі талдауга керекті құжаттар мен материалдарды сұрату кезінде жылдам беруді атап отті.

Комплаенс қызметкері



Б.Әбен